



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Подсекция 8.3 Евразийские исследования в рамках Рухани Жаңғыру

ӘӨЖ: (573)

Л.Н.ГУМИЛЕВ - ЕУАЗИЯЛЫҚ КЕҢІСТІК ОЙШЫЛЫ

Әділбеков Айдос Ризабекұлы

aidos150300@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, 1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі-Н.Е.Сайлаубаева

Лев Гумилев 1912 жылдың 1 қазанында Царский селода дүниеге келді. Ол әйгілі ақындар Николай Гумилев пен Анна Ахматованың ұлы еді. Балалық шағынан Тверь губерниясы Слепново Бежецкий имениесінде әжесінің қолында тәрбиеленеді. Ол 1917 жылдан 1929 жылға дейін Бежецкте, 1930 жылдан Ленинградта (қазір Санкт Петербург) тұрады. 1934 жылдан Ленинград университетінің тарих факультетінде оқи бастайды. Әке-шешесінің ақсүйектер тегінен шығуы, олардың қуғын-сүргінге ұшырауы балалары Гумилевке де оңайға соқпаған. 1935 жылы оқудан шығарылып, қамауға алынады, бірақ көп өтпей босатылады. Екі жылдай өз бетінше оқып, ежелгі түркілердің тарихы мен шығыс тілдерін зерттейді. 1937 жылы ЛГУ- дағы оқуын қалпына келтіреді. 1938 жылдың наурызында ЛГУ-дің студенті болып жүрген кезінде тағы қамауға алынып, бес жылға сотталады. Мерзімін Нориль лагерінде өтеп, сондағы мыс-никель шахтасында техник-геолог болып қызмет істейді.

1944 жылдың күзінде өз еркімен Кеңес армиясына алынып, 1386-ыншы зенитті-артиллериялық полкта қатардағы жауынгер ретінде соғысады. Бірінші Белорус майданы құрамында жүріп, соғысты Берлинде аяқтайды. 1945 жылы әскерден босап, ЛГУ-дағы оқуын қалпына келтіріп, 1946 жылы аяқтайды да, Ленинградтағы Шығыстану институтының аспирантурасына түседі. Бірақ көп өтпей «тандаған мамандығы бойынша филологиялық дайындығы сай келмейді» деген себеппен оқудан шығарылады. Ғылыми жұмысы тағы үзіледі. Кейін ол кітапханашы, Таулы-Алтай экспедициясында ғылыми қызметкер болып қызмет істейді. Әйтеуір 1948 жылы оған Түрік қағанатының тарихы бйынша кандидаттық диссертация қорғауға мүмкіндік туады. Оны тағы да қамауға алғанша, бір жылға жуық уақыт КСРО халықтары Этнография мұражайында аға ғылыми қызметкер болып істейді. Жеті жылдық жаңа мерзімді ол Қарағанды мен Омск түбіндегі лагерлерде өткізеді. Осы уақыт ішінде ол «Ғұндар» мен «Ежелгі түркілер» атты екі ғылыми монография жазып шығады. 1956 жылдың мамырында қылмысы анықталмағаннан кейін ақталып, түрмеден шығады.

Лев Николаевич Гумилев – еуразиялық кеңістіктегі халықтар тарихын жүйелі түрде зерттеген ХХ ғасырдың көрнекті ғалымы. Оның мұралары тарихи, философиялық, этностық және саяси ойдың перспективалық бағыты ретіндегі еуразиятанудың терең негіздемесіне айналғаны баршамызға белгілі. Қазақстан үшін оның Еуразия халықтарының бірлігі контексіндегі түркілер мен славяндардың өзара қарым-қатынасы, түркі-моңғол әлемінің тарихын тану мәселесі бойынша жұмыс істегені аса маңызды болып табылатыны баршаға аян.

Мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің алағаш табалдырығын аттағанда көкейімде елордадағы ұлттық мәртебедегі оқу орнына Лев Николаевич Гумилевтің есімі не үшін берілді? Гумилев өз заманында кім болды? деген сауалдар тұрды. Осы оқу орнында білім алу барысында Лев Николаевич Гумилевтің өмірі және шығармашылық мұрасымен таныса отырып, ол тұлға ретінде, ғалым ретінде қалай танылды? Оның ХХ ғасыр тарихнамасында алатын орны қандай? деген сауалдарға біртіндеп жауап ала бастадым. Жалпы бұл сауалдарға жауап іздеу ғылыми ортада 90-жылдардан бастау алған екен. Бұл кісі туралы пікірлер, ойлар әр түрлі болған. Бұлай болуы заңды құбылыс еді. Өйткені, Лев Николаевич

Гумилевтің ғалым ретіндегі еңбегін нағыз бағалау енді басталғанды іспеттес. Бірақ бәрімізге бір нәрсе анық болды. Ол – оның Еуропа идеясының ізашары екендігі еді. Осы ретте Лев Николаевич Гумилев туралы орын алған сан түрлі пікірлерді қарастыра келіп, оның өмірі мен еңбектерінің мән- маңызын және отандық және әлемдік тарихтағы орнын анықтауды қолға алу қажет екендігіне көз жеткіздім.

Лев Гумилев өмірі бірнеше ғылымға бастау салған басты кезеңдерден тұрады. Алғашқысы Ленинград Мемлекеттік Университеті тарих факультетінде оқыған студенттік шағы. Бұл 30-жылдар болатын. Екінші, түркі қағанатының тарихы бойынша кандидаттық диссертация қорғап, тұтқынға түскен кезі. Бұл 40-жылдардың орта шенін қамтиды. Үшінші, түрмеден шығып, алғашқы монографиясы жарық көріп, жалпы тарих бойынша докторлық диссертация қорғаған кезі. Бұған 50-жылдардың екінші жартысы және 60-жылдардың басы кіреді. Бұл үш кезең Л.Н.Гумилевтің ғалым ретінде ғылым жолында сара жолды салып берді. Бұл оның Дала триологиясы сынды дара еңбектерінің жарыққа келуіне негіз болды. Бізге бұл еңбектері оның ғылыми тұлға ретіндегі өзіндік ерекшелігін анықтап берді.

Лев Николаевич Гумилевтің шығармашылығы көпқырлы болды. 1968 жылы Л.Н.Гумилевтің ірі генетик ғалым Н.В.Тимофеев-Ресовскиймен өзара тиімді деп ойлаған байланысында Лев Николаевич өзі туралы: «Әйткенмен, мен кәсіби тарихшымын», деген болатын. Оның осы сөзін негізге алатын болсақ, Лев Николаевич Гумилев – тарихшы. Бұдан әрі ежелгі түркілер тарихына арналған кандидаттық және докторлық диссертацияларын зерделейтін болсақ, ғалымның тарихшы-шығыстанушылық ізденісімен бетпе-бет келеміз. Бұл арада, Лев Николаевич Гумилевті түрколог ретінде де танимыз.

Лев Николаевич Гумилевтің шығармашылығын зерделей келе, біз оның шын мәніндегі еуразиялық масштабтағы ғалым екендігін мойындауымыз керек. Өйткені, ол біріншіден энциклопедист, жалпы тарихтың білгірі. Екіншіден, Лев Гумилевтің 40-жылдардың аяғы мен 60-жылдардың бірінші жартысындағы еңбектері мен диссертациясы арқылы Батысты емес, Шығысты зерттеуші ғалым екендігіне көз жеткізе аламыз. Бұдан оның шығыстану мектебінің көрнекті өкілі екенін айтуымызға болады. Сондықтан жүздеген танымал ресейлік шығыстанушылар, ғылым докторлары мен кандидаттарының ішінде Лев Гумилевтің есімі ерекше орын алуы керек деп ойлаймын. Оған Л.Н.Гумилевтің Еуразияның дала халықтарының саяси, кейін этностық тарихын зерттеуі айқын дәлел. Осындай зерттеулері арқылы шығыстану ғылымына үлес қосты, әрі оның шеңберінен асқан болатын. «Түркі қағанаты» тақырыбында тежеліп қалмады. Ол еуразиялық тарих деңгейіне, әлем тарихының тұжырымдамалық деңгейіне көтеріле білді. Л.Н.Гумилевтің шығармашылығы бір тақырыптың айналасында ғана өрбіген жоқ. Оның зерттеген тақырыптары алуан түрлі, әрі ауқымды болды. Л.Н.Гумилев тақырыптың шеңберінен батыл шыға алатын болған.

Лев Гумилевтің тарихшы ретінде танытатын ерекшеліктері болды. Біріншіден, ғұндардың, түркілердің, хазар мен моңғолдардың тарихын зерттеуі болса, екіншіден этногенез теориясын жасауы еді. Л.Н.Гумилевтің тағдыры қиында, қилы болды. Қоғам өміріндегі саяси-әлеуметтік сілкіністер мен жүйелік алмасулардың оларға кезеңі Лев Николаевичтің жалын атқан жастық дәуренін тағдырдың тәлкегіне ұшыратқаны белгілі. Бір емес, екі емес, үш рет жауапқа тартылып, табандатқан 13 жыл өмірін түрменің тар қапасында өткеріп, лагерьдегі жылдар арасында екінші дүниежүзілік соғыстың от-жалынына шарпылып, туған қаласы Ленинградқа 1956 жылы оралғанда Лев Николаевич 44 жаста еді. «Алғаш рет – 1935 жылы «өзімнің албырттығымнан, екінші рет – 1938 жылы «әкем үшін», үшінші рет – 1948 жылы «шешем үшін» сотталдым», – деген [1]. 1956 жылы түрмеден босатылғаннан кейін Лев Николаевич Гумилев Ленинградқа оралады. Мемлекеттік Эрмитаждың ғылыми кітапханасына ғылыми қызметкер болып қабылданады. Онда ол 1962 жылға дейін қызмет атқарады. Осы кезде «Ғұндар тарихы» еңбегін аяқтауға білек сыбанып кірісіп кетеді. 44 жастағы ғылым кандидатының ғылымға деген қызушылығы жаңа белесте болатын. Осылайша 1960 жылы шығыс әдебиеті баспасынан оның

«Ғұндар. Көне дәуірдегі Орталық Азия» атты алғашқы кітабы жарық көреді. Кітап ғылыми ортада қызу пікірталас туғызады. Керағар пікірлер көп болды. Алайда бір нәрсе анық. Ол 1950-жылдардың аяғы мен 1960-жылдардың алғашқы жартысында лингвист-түркологтар арасында Л.Н.Гумилев сияқты терең ойлайтын, «Ғұндар» немесе «Көне түркілер» диалогиясына пара-пар келетін жалпылама зерттеуді жазып шығатын ғалымның болуы екіталай еді. Өйткені, ол осы еңбектері арқылы түбі бір түркінің түп-тамырын түгендеп, түркітану ғылымына сара жолды сала білген еуразияшылдық идеясының авторы болатын.

Лагерде жүргенде жазған «Ежелгі түркілер» докторлық диссертациясын 1961 жылы қорғап, 1963 жылы Ленинград университетіндегі География институтына аға ғылыми қызметкер болып орналасып, сонда өмірінің соңына дейін істейді. 1960 жылдан университетте халықтанудан лекциялар оқып, сол арқылы студенттердің үлкен сүйіспеншілігіне бөленеді. Оның ғылым жолындағы алға басуына «саяси сенімсіз» деген айыптау кедергі жасауын қойып, баспа жүзін көрген еңбектерінің саны бірден көбейеді. Дегенімен оның «Этногенез бен Жер биосферасы» екінші докторлық диссертациясын 1974 жылы қорғағанымен, ғылыми комиссия енді оның авторын емес, еңбегіндегі ой-пікірін «сенімсіз» деп, ұзақ уақыт бойы бекітпей қояды. 1980 жылдары Гумилев ең оқырманы көп оқымыстылардың біріне айналады, ал оның кітаптары көп тиражбен жарық көріп жатты. Жүйкесіне түскен күш, шектен тыс көп еңбектену ұзаққа апармайтын еді. 1990 жылы инсульт алғанымен, ғылыми еңбектенуін қойған жоқ. 1992 жылдың 15 маусымында Лев Гумилев қазаға ұшырады.

Лев Гумилев тәлкекті тағдырды басынан өткерді. Ғылым жолында оған керағар пікірлер мен қиыншылықтар кездесті. Бірақ олар оның ғылыми зерттеулеріне тосқауыл бола алмады. Өйткені, олар оны шындай түсті. Осыдан оның ештеңеге мойынсынбай, барлық қиындықты жеңіп, өзі белгілеген жолмен жүргендігін айқын көреміз. Бірақ, мұның барлығының бағасы қаншалықты еді? деген сауал туады.

Бүгінгі таңда, біздер Лев Николаевич Гумилевтің мұрасын түсінуде және оның ғылымның дамуына қосқан үлесін білуде бір нәрсеге көз жеткізіп отырмыз. Ол біздерді шығармашылығының көпқырлылығымен, зерттеген тақырыптарының алуан түрлігімен таңғалдырады. Бұл ретте Ю.К.Ефремов былай деп жазады: «Сыншылар Гумилевті бүрге аулаған тышқандай қазбалап, негізгіні көре алмай отыр, ал ол әлемді қыранның көзімен жоғарыдан бақылау керектігін үйретіп жүр» [2]. Асылында, Еуразия халықтары мен мемлекеттерінің панорамасын тек қыранның көзімен ғана көруге болады. Сол себепті, Л.Н.Гумилев мұрасынан 1960-1980 жылдары өзінің еуразияшылдығын жарнамалаған, сөйтіп, еуразияшылдық идеясының ғылыми негіздемесіне қомақты үлес қосқан еуразияшыл-ғалымның көзқарасын тануға болады.

Лев Николаевич Гумилев өмірінің соңғы жылдарында өзін «еуразияшылмын» деп ашық айтып жүрді. «Жұрт мені еуразияшыл дейді, мен ондай пікірге қарсы емеспін», – деген ойды ашық айтқаны белгілі [3]. Шынында да, еуразияшылдық идея Лев Николаевич шығармашылығының өн бойында үзілмей көрініс тауып отыратынын аңғару қиын емес. Сонымен бірге, Лев Николаевичтің еуразияшылдығында өзіндік ерекшеліктің де бары рас.

Еуразияшылдық идеяның тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болатын сияқты. Біріншісі – Қазан төңкерісіне дейінгі кезең. Екіншісі – Қазан төңкерісінен кейінгі Ресей эмигранттары мұрындық болған кезең. Үшіншісі – екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең. Бұл үш кезеңнің өн бойында еуразияшылдық идеяның дем берушілері – тарихшылар Г.В. Вернадский, Л.П. Карсавин, Л.Н. Гумилев, құдайшыл Г.Ф. Флоренский, географ П.Н. Савицкий, шығыстанушы В.П. Никитин, этнограф Н.С. Трубецкой сияқты көрнекті тұлғалар болды. Еуразияшылдық идеяның бірінші кезеңінде ұлы орысшылдық пиғыл бел алып жатты. Батыс пен Шығыстың, яғни роман-германдар мен азиялықтардың ортасындағы Ресейдің айырықша рөлі болу керек деген идея күн тәртібіне қойылды. Еуразияшылдық доктринаның постулаттарын Г.В. Вернадский былайша айқын тұжырымдады: «азиялық» және «еуропалық» Ресей арасында

табиғи шекара жоқ. Демек, «еуропалық» немесе «азиялық» деп бөлшектейтіндей екі Ресей де жоқ. Тек, «еуразиялық» немесе Ресей-Еуразия деп аталатын бір ғана Ресей бар» [4].

Еуразияшылдық идеяның екінші кезеңінде сол алғашқы ой-тұжырымдар жаңаша серпінмен одан әрі жалғасты. (Чист, Ресей эмигранттары социалист жүйенің ұстанымдары азиялық тұрғындардың ойынан шығып, одан әрі еуразияшылдық ілімнің жүзеге асуын жеделдетеді деп үміттенді, Азия үміттенген жоқ. Еуразия кеңістігінде Ресей ділінің үстемдік құруы ашық айтылып, Ресейді «айрықша мәдени-тарихи әлем» деп жариялай бастады. Түптеп келгенде, мұндай пиғылдан социалистік Ресейдің де экспансиялық-ассимиляцияшыл үрдістері алшақ болмайтын.

Үшінші кезеңде еуразияшыл идеологтар көңіл қалауынан гөрі, нақтылы тарихи ситуациялармен көбірек санасқанын аңғаруға болады. Яғни, әлемдік бәсекелестікте Еуразия халықтары өздерін мүдделестер, тағдырластар ретінде сезініп, әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени одақтастықты еуразияшылдықтың өзекті постулатына айналдыра бастады. Әсіресе, КСРО ыдырағаннан кейін еуразияшылдық идеяның бұл сияқты жаңа бағытына тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей ұйытқы болғанын атап өткен жөн.

Бұл мәселеде Л.Н.Гумилев тарихи қисындарды көлденең тарту арқылы көзге түсті. Ол Еуразия ойкуменін тарихи тағдыры біртұтас, әлемнің алтыдан бір бөлігі ретінде қарастырды. Бұл ретте, Лев Николаевич Ресей тарихындағы Ұлы Дала рөлін мүлде жаңаша парықтады. Атап айтқанда, орыс тарихында бел алып жататын "татар-моңғол езгісі" деген идеядан бірінші болып бас тартты. Ол үшін Ресей деген Моңғол ұлысынан кейінгі біртұтас Еуразия империясының православтық вариациясы еді. Мұндай идея өзінен-өзі Ресейдің тарих сахнасына шығуындағы Еуразия көшпелілерінің рөлі деген екінші идеяны дүниеге келтірді. Міне, еуразияшылдық мәселесінде Лев Николаевич осындай идея арқылы өзін ұшқыр, ойлы ғалым ретінде әйгілей алды. Ол бұрынғы саяси-идеологиялық еуразияшылдықты дәлелді тұжырымдамасы бар ғылымға айналдыра білді.

Әрине, осындай ой-идеяларына қатысты болар, қазақстандықтар Лев Николаевич Гумилевті айырықша құрмет тұтады. Біздің пікірімізше, Лев Гумилев еңбектері оны тек шығыстанушы-тарихшы деп емес, нақты еуразиятанушы-тарихшы ретінде бағалауымызға мүмкіндік береді. Яғни, оның мұрасы тарихи, олай болса, олардан қоғамдық-саяси ойлаудың тиімді бағыты ретінде терең негізделген еуразиятанушылық ұстанымды тани аламыз. А.Ахматованың поэтикалық ойымен айтсақ, «оның төбесінде ажал жұлдыздары самсап тұрған» [5] 30-жылдар мен 50-жылдардың басындағы жағдайлардың ешқайсысына қарамай, өз ойларын жүзеге асырған. Л.Н. Гумилевтің ерлігі оның бұл кезеңнен абыройлы өтіп, өзінің шығармашылық әлеуетін 60-жылдар мен 90-жылдардың басында жүзеге асырғанынан да айқын көрінеді.

Тарихшылар Гумилевті Еуразияның көшпелі халықтарының тарихын зерттеуде үлкен үлес қосқан түрколог ретінде жоғары бағалайды. Ол көшпелі халықтар тарихта тек тонаумен және қиратумен ғана айналысты деген батыста кең тараған пікірді жоққа шығарды. Ежелгі Русь пен дала халықтарының (Алтын Орда соның ішінде) қарым-қатынасын екі жағы да ұтып шыққан күрделі құбылыс деп бағалады. Оның бұл көзқарасын отандастары отаншылдық дәстүрге қайшы келеді деп бағалаған еді. Кейін кеңестік идеология күйрегеннен соң, Гумилевтің көптеген идеяларына Ресейдің ғылыми қоғамдастығы түсіністікпен қарай бастады.

Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың жеке бастамасымен 1996 жылы Астанадағы Еуразия Ұлттық университетіне Гумилевтің есімі берілді. 2002 жылы университет қабырғасында Л. Н. Гумилевтің кабинет мұражайы құрылды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың елордадағы жетекші оқу ордаларының біріне еуразияшыл-ғалым атын беруі – жалпыеуразиялық кеңістіктегі зерттеушінің ғылымдағы орнын нақтылай, әрі нықтай түсетініне анық көз жеткіземіз. Ал бұл бізге, яғни студент-жастарға айрықша жауапкершілік жүктейді. Әрине, Л.Н.Гумилев – XX ғасырдың көрнекті тарихшысы, әлемге

танымал түркітанушы-ғалым ретінде мақтауға немесе мадақтауға мұқтаж емес. Біздің міндетіміз – оның мұрасына үстірт қарамай, еңбектерінің мазмұны мен өзектілігін ашуға, терең зерттеуге лайықты үн қосу. Бүгінгі күні Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Ұлы еуразияшылдың» ғылыми идеялары мен шығармашылық мұрасын насихаттайтын бас ғылым және білім орталығы болып отыр».

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сейдімбек Ақселеу. Гумилев // Егемен Қазақстан.- 2004.- 1 қазаң.- 7б.
2. Л.Н. Гумилев: этногенез теориясы. Құрастырушы – Исакова К.И. – Астана: ЕҰУ АББ. 3–160 б
3. Сейдімбек Ақселеу. Гумилев // Егемен Қазақстан.- 2004.- 1 қазаң.- 7б. Г.В.
4. Вернадский. Начертание русской истории. Прага, 1927. -5-бет).
5. Ахматова А.А. Реквием // Собр. соч. в двух томах. М.: «Цитадель», 1996. С. 197.
6. Сыдықов Ерлан. Мақсат пен таңдау: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректорымен сұхбат.//әңг.А.Сәметқызы.//Қазақ әдебиеті.-2012.- 1 маусым. – №22.
7. Гумилев Лев Николаевич // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2001. – Т 3. – 86 – 87 б.
8. «Халықтың тарихқа қосқан үлес оның санына байланысты болмайды»: Гумилевтің соңғы сұхбаты. // Егемен Қазақстан.- 2008.- 18 қараша. - 5 б.

ӘӨЖ:159.09(09)

ШӘКӘРІМ МЕН ТОЛСТОЙ АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ ҮНДЕСТІК ТАҒЫЛЫМЫ

Бердибаева Алтынай Амирбекқызы

Berdibaevaaltynai15@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Экономика факультеті, 1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі-Н.Е.Сайлаубаева

Шәкәрім бабамыз бен орыс ғұламасының арасындағы рухани байланысының тағылымы бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Жалпы екі ойшылдың өздері өмір сүрген уақытта рухани үндестікте болып, хат алмасқандығы баршамызға аян. Бірақ екі ойшылдың хат арқылы ой-пікір алмасқандығын айқындайтын тарихи құжаттар сақталмағанын білеміз. Алайда, Шәкәрім ұлы Ахаттың естелігіндегі деректер ғана бар. Бұл құнды деректе, Ахат Шәкәрімұлы өз әкесімен орыс жазушысы арасындағы болған әңгіме және Шәкәрімнің Толстойға қойған сауалдарының мазмұны келтірілген. Мәселен, «Марқұм әкеммен болған бір әңгімеде: «Сіз Толстой туралы жай әңгімеңізде де, Толстой туралы жазған өлеңіңізде де оны өте жоғары бағалайсыз», – дедім. Сонда әкей айтты: «Мен Толстойды бұрында да бағалайтынмын. Әсіресе, мен Толстойдан үш сұрақ сұрадым. Сол сұрақтарыма Толстой маған өте қымбатты жауап қайтарды. Сол жауаптары мені толғандырып, ғибадат алатын сабақ болып, көңіліме орнап қалды. «Адамның арына тиетін жағымсыз қылықтардың ішінде және Сіз білетін арға ең ауыр тиетіні не?» – дедім. Толстой бұған: «Осы тізіп тұрғандарыңның барлығы да адамшылық арға тиетін нәрселер. Меніңше, арға ең ауыр тиетін бір іс бар. Ол адам көпшілікке не қоғамға зиян келетін хақиқат істі біліп, соны бір нәрседен қорғанып, сол хақиқатты айтпай қалса, сол арға өте ауыр тиеді. Бірінші: сен өте бай болып, сол хақиқатты айтсаң, малыңа зиян тисе, екінші: сен мансап иесі болып, сол хақиқатты айтсаң, мансабыңнан айрылатын болсаң, үшінші: сол хақиқатты айтсаң, басың жазаланатын болса, міне, осы үш түрлі зардаптардан қорғанып, көпке зиян келетін хақиқатты айтпай қалсаң,